

#Жолдау2022

Жаңа
Қазақстанды
құру елді дамытудың
парадигмасын
өзгертуді көздейді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


● ПРЕЗИДЕНТ



ЕРЕКШЕ ҚҰРЫЛЫМ

3

● БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ



САПАРЛАРЫҢЫЗ СӘТТІ БОЛСЫН!

6

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Күннің күрт жылынуына байланысты Алматы тауларында қар көшкіні қаупі сақталады. Осыған орай, Алматы қалалық ТЖД мен «Қазгидромет» кәсіпорны қала тұрғындары мен қонақтарына тауға шықпауды ескертеді.

– 22 сәуірде біз «Қазгидромет-тен» дауылды ескерту алдық. Осы ретте 23–27 сәуірде Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндерінде қар көшкіні қаупі сақталатынын хабарлаймыз. Қала тұрғындарына, туристерге және қонақтарға тауға барудан бас тарту ұсынылады. Қауіп туралы ескертулерді елемеге болмайды, – деп хабарлады ТЖД.

Жалпы, Алматы өңірі бойынша көшкін қаупі бар 165 учаске бар. 2022 жылы жалпы көлемі 83 мың текше метр болатын 26 алдын алу жұмыстары жүргізілді.

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.04.2022

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 12 м/с

24.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №43 (6178) 23 сәуір, сенбі, 2022 жыл.

● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде кеңес өткізді



Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде кеңес өтті. Жиынға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Әділет министрі Қанат Мусин және Жұмыс тобының мүшелері қатысты.

2

● ӘКІМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Италия және Индонезия елшілерімен кездесті



Шаһар басшысы Италияның Қазақстандағы жаңадан тағайындалған Төтенше және Өкілетті елшісі Марко Альбертимен кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ инновациялар мен жаңа технологиялар саласындағы серіктестік мәселелері талқыланды.

● ҚЫСҚА...

- Әлеуметтік желілердегі заңға қайшы 36 мың материал бұғатталды.
- Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 6 мың терминге сараптама жасалады.
- Алматы мен Шымкентте Акселеу Сейдімбектің 80 жылдығына орай республикалық деңгейде айтыс және күй байқауы өтеді.
- «Қазақстан халқына» қоры қаңтарда көз жұмған балалардың отбасына 7 млн теңгеден төледі.
- Қазақстандықтар наурызда 8 мыңнан аса алтын құйма сатып алған.
- Жәмила Бакбергенова екі дүркін Азия чемпионы атанды.
- Қазақстанның барлық мектебінде биылғы соңғы қонырау мерекесі 25 мамырда өтеді. Аттестат салтанатты түрде 16-17 маусымда тапсырылады. Мектеп бітіру кешін мейрамханада өткізуге тыйым салынды.

www.almaty-akshamy.kz



3

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

AMANAT партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың жылдың 26 сәуірінде партияның кезектен тыс XXIII съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Бұл туралы AMANAT партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов мәлімдеді.

«Оған барлық өңірлерден делегаттар қатысады. Съезд онлайн форматта өтеді. Орталық аппарат филиалдармен бірлесіп дайындық іс-шараларын бастады. Съезд барысында ADAL саяси партиясының AMANAT партиясына қосылуы туралы мәселе қаралады деп жоспарлануда», – деп жазды Асхат Оралов әлеуметтік желіде.

■ СЕНАТ

Сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, қабылдады. Бұл заң Халықаралық Түркі Академиясының Қазақстан аумағындағы жұмысын реттеуді көздейді.

■ МӘЖІЛІС

Мәжілісте «Орталық Азиядағы әйелдердің, бейбітшілік пен қауіпсіздіктің өзекті мәселелері» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Жиынға қатысушылар Қазақстанда БҰҰ қауіпсіздік кеңесі 1325 қарарын жүзеге асыру және ілгерілету бағытында атқарылған жұмыстарды саралап, әйелдердің бейбітшілікті қолдаудағы, қауіпсіздікті сақтаудағы маңызды рөлін талқылады.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов дағдарысқа қарсы қосымша шаралар жөнінде кеңес өткізді. Отандық компаниялардың одан әрі дамуы және әкімшілік жүктемені төмендету үшін бірқатар жаңа қолдау шараларын енгізу ұсынылды. Осылайша мемлекеттік сатып алу аясында өз міндеттемелерін орындау кезінде форс-мажорлық жағдайларға (логистикалық дәліздердің жабылуы, жеткізілімдердің уақытылы орындалмауы және т.б.) тап болған компанияларды Жосықсыз жеткізушілер тізіліміне енгізбеу тетіктерін пысықтау ұсынылды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау үшін сақтандыру сыйақыларын мемлекеттік субсидиялау көлемін ұлғайту мәселесі қарастырылмақ.

■ МИНИСТР

24 сәуір, жексенбі күні, сағат 11.00-де Алматы облысы, Талғар қаласында (аудандық Мәдениет үйі) Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаровтың халықпен кездесуі өтеді. Кездесу барысында ақпарат саласын дамыту, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саясаты, дін, этносаралық қатынастар, қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері талқыланады.

■ ПРОКУРАТУРА

Қазақстанда прокуратураның мәртебесі өзгереді. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы» нормативтік-құқықтық саясат жөніндегі консультативтік-кеңес құжаты әзірленді. Жаңа заңда заңдылықты неғұрлым тиімді қамтамасыз етуге, азаматтардың құқығы мен бостандығын, бизнестің, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге мүмкіндік беретін тиімді құралдар мен тетіктерді шоғырландыру жоспарлануда.

Прокурорлық актілердің қолданыстағы жүйесі қылмыстық қудалау саласындағы актілермен толықтырылады. Прокуратура азаптауды тергейтін уәкілетті органға айналады, тексерулерді жүргізу және тағайындау тәртібі қаралады.

■ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені Мемлекеттік күзет қызметінің 30 жылдығына арналған жаңа деректі фильм түсірді. Бұл туралы Президент Телерадиокешенінің әлеуметтік желідегі парақшасында жарияланды.

Мемлекет басшысының күзеті әдетте фото және бейне-камераларға сирек түседі. Қызметкерлердің бет-бейнесі, әсіресе, олардың жеке деректері – құпия ақпарат. Бірақ бұл адамдар үнемі Президенттің жанында жүреді. Олардың жұмысы құпия, көзге көрінбейді. Сондықтан деректі фильм көпшіліктің қызығушылығын тудырады анық.

■ ИННОВАЦИЯ

Бұдан былай жүргізуші куәлігін алу және автокөлікке мемлекеттік тіркеу нөмір белгісін дайындауға тапсырыс автоматты түрде жүзеге асырылатын болады. Биометрия технологиясын және жаңа GPS-құралын қолданудың нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, жүргізуші куәлігін алу процесінің ашықтығы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, жеке куәлікті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мамандары жасаған eGov.kz порталы арқылы алу мүмкіндігі де қарастырылып жатыр.

Бұл үрдіс Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрі Бағдат Мусин мәлімдегендей, қазақстандықтардың өмірін жеңілдетіп, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін қысқартып, сапасын арттырады. Жуырда құжаттарды ресімдеу уақыты айтарлықтай қысқарып, процестердің барлығы ашық және жариялы болып, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге жол ашады.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ
ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде кеңес өткізді



(Басы 1-бетте)

ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТТІ
ЕНГІЗУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Мемлекет басшысы өз сөзінде Жолдауда айтылған саяси бастамаларды жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек екенін айтты.

– Жұмыс тобы қажетті түзетулерді әзірледі. Бұл іске белгілі заңгер ғалымдар, адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Парламент және мемлекеттік органдардың өкілдері атсалысты. Конституциялық Сотта, Конституциялық Кеңесте жұмыс істеген ғалымдарымыз бар. Ата Заңымыздың жаңа нормаларын әзірлегенде олардың мол тәжірибесі септігін тигізгені анық. Әсіресе, Конституциялық Сотты құру және оның жұмыс тәртібін реттеу мәселесі туралы ой-тұжырымдар пайдалы болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін дайындалған жобаға қоғамды саяси тұрғыдан трансформациялау жөнінде берілген барлық ұсынысты ескерудің мәні зор екенін ескертті.

– Шын мәнінде, бұл Қазақстанның билік институттарын қалыптастырудың және ықпалдастықтың, жаңа саяси мәдениетті енгізудің мүлде жаңа моделіне көшкенін білдіреді. Нақты әрі толық түсінік болу үшін осы модель мен үдерісті Екінші республика ретінде белгіледім. Жаңа парадигмаға сәйкес Президенттің өкілеттігі қысқарады, Парламент пен мәслихаттардың рөлі айтарлықтай күшейеді. Азаматтардың қатысуы едәуір артып, құқық қорғау саласы жүйелі түрде

нығаяды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы адам құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты түзетулердің маңызы зор екенін айтты.

– Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі едәуір күшейеді. Бұл шенеуніктердің өздері қабылдайтын актілердің сапасына деген жауапкершілікті арттырады деп санаймын. Конституциялық деңгейде Адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз уәкілдің құзыреттері мен кепілдіктері бекітіледі. Жалпы, әзірленген өзгертулер мен толықтырулар топтамасына Жолдауда айтылған саяси бастамалар мен Конституцияға енгізілуі қажет түзетулерді іске асыруға тиісті нормалар ғана енгізілгенін атап өткен жөн. Басқа да өзекті өзгертулер конституциялық және басқа да заңдар аясында бекітіледі, – деді Президент.

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ КЕЗ
КЕЛГЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕГЕ
ЖЕДЕЛ НАЗАР АУДАРУЫ
КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың сылбыр жұмыс істеуіне жол берілмейтінін тағы да еске салып, соңғы үш жылда еліміздегі және әлемдегі жағдайдың түбегейлі өзгергенін айтты.

– Мемлекеттік аппарат кез келген өзекті мәселеге жедел, дер кезінде назар аударуы керек. Сондықтан Жұмыс тобы ұсынған түзетулер Үкіметке ерекше актілерді қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл дағдарыс кезінде жедел әрекет етуді қамтамасыз етеді. Осы орайда, Парламенттің қарқынды жұмыс істегені өте маңызды. Депутаттар қос

палатаның бірлескен отырысында заң жобаларын шұғыл қарауы керек. Жалпы, мен Жұмыс тобы дайындаған барлық өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдаймын, – деді Мемлекет басшысы.

ЖЕРДІҢ ЖӘНЕ ТАБИҒИ
РЕСУРСТАРДЫҢ ИЕСІ
ХАЛЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды саналатын Жерге иелік ету мәселесін шешу қажеттігіне арнайы тоқталды.

– Жердің және табиғи ресурстардың иесі халық деген норманы Конституцияда біржола бекітудің саяси мәні зор болмақ және болашақта бұл мәселені әртүрлі түсіндіруге жол берілмеуі керек. Осыған байланысты Негізгі заңның 6-бабын мынадай редакцияда беру ұсынылады: «Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Мемлекет халық атынан меншік иелігін жүргізуге құқылы», – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында аз уақытта өте көп іс бітіргені үшін Жұмыс тобының мүшелеріне ризашылығын білдірді.

– Мен бүгін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын Конституциялық Кеңестің қарауына ұсынамын. Бұл – Ата Заңымыздың талабы. Конституцияға енгізілетін түзетулер Тәуелсіз Қазақстан тарихының келесі парағын ашады деп сенемін. Мұны Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды белес деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕРЕКШЕ ҚҰРЫЛЫМ

Президент Мемлекеттік күзет қызметінің
30 жылдығына арналған іс-шараға қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік күзет қызметінің 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысып, сала қызметкерлерін құттықтады, жұмысымен танысты. Бұл құрылымның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде аса маңызды рөл атқаратынын, күзет қызметкерлеріне айрықша жауапкершілік жүктелгенін атап өтті.

— Ел басшылығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, стратегиялық нысандарды, сондай-ақ шетелден келген мәртебелі меймандарды қорғау оңай жұмыс емес. Сіздер осы міндетті абыроймен атқарып келесіздер. Бұл 30 жыл ішінде қалыптасқан игі дәстүр, сабақтастық екені сөзсіз. Бүгінде Күзет қызметінің әлеуеті орасан зор. Жауынгерлік техникалық және жедел әрекет ету мүмкіндіктері мол. Шын мәнінде, Мемлекеттік күзет қызметін

нағыз патриоттардың ұжымы деуге болады. Ең жауапты сәтте Отан үшін аянбай, адал қызмет етіп келесіздер, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі шиеленісті геосаяси жағдайда Мемлекеттік күзет қызметінің түрлі сын-қатерлер мен қауіптерге дер кезінде төтеп беру мүмкіндігінің аса маңызды екеніне тоқталды.

— Жеке құрамның білімі мен біліктілігін одан әрі дамытып, мемле-

кеттік күзеттің бүкіл жүйесін жетілдіру қажет. Мемлекеттік күзет қызметі — ерекше құрылым. Сондықтан оған қойылатын талап та әрқашан жоғары болмақ. Сіздер жүктелген міндетті шұғыл әрі тиімді атқарады деп сенемін. Мінсіз қызметтеріңіз үшін баришаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сала қызметкерлерінің еңбегіне табыс тілеп, бірқатарын мемлекеттік наградалармен марапаттады. Атап айтқанда, I және II дәрежелі «Айбын» ордендері, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары табысталып, Президенттің Алғысы жарияланды.

Марапаттау рәсімінен кейін мерекелік концерт қойылымы болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Италия және Индонезия елшілерімен кездесті

(Басы 1-бетте)

Италия Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің тізіміне кіреді, сондай-ақ республиканың ірі инвесторларының бірі болып табылады. Бұл ретте Алматыда итальяндық капиталдың қатысуымен 100-ден астам кәсіпорын белсенді жұмыс істейді, ал ел бойынша олардың жалпы саны — 280. Тараптар сондай-ақ, Алматының индустриалды аймағында тамақ өнімдерін өндіру бойынша Италияның қатысуымен фуд-кластер құру перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында биыл екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай елшіліктің екіжақты қарым-қатынастарды нығайту және жаңа деңгейге көтеру үшін 30 бастама дайындап жатқаны атап өтілді. Мәселен, Алматыда Орталық Азия мен Кавказ өңірінде алғашқы итальяндық мәдени орталықтың ашылуы және қыркүйекте мәдени көрме өткізу жоспарланып отыр. Алматының бірқатар жоғары оқу орындарында студенттер итальян тілін үйренуде. Еліміз бойынша итальян тілін оқыту алғаш рет Алматы мектептерінің бірінде басталды.

Қала басшысы мен Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі ағымдағы жылдың маусымынан бастап Алматы — Милан — Алматы бағыты бойынша тікелей әуе қатынасының іске қосылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтып, туризмнің дамуына серпін беретініне сенім білдірді. Елші қалалар деңгейіндегі дипломатия халық-



тар арасындағы байланыстарды нығайтуға оң әсер бере алатынын атап өтті.

Елші Италия тарапының Алматыда креативті индустриялардың инновациялық орталығын құруды қаржыландыруға дайын екенін мәлімдеді. Марко Альбертидің айтуынша, ол Италиядан Қазақстанға инвестициялар ағынын едәуір ұлғайтуды өзінің міндеті деп санайды. Қала әкімі Алматы қаласының республикаға шетелдік инвестицияларды тарту үшін хаб бола алатынына сенім білдірді. Сондай-ақ, тараптар Алматының индустриялық аймағында, бірінші кезекте тамақ өнімдерін өндіру бойынша бірлескен кәсіпорындар құру перспективаларын да талқылады.

Алматы қаласының әкімі, сондай-ақ, осы жылдың ақпан айында қызметке кіріскен Индонезия елшісі Мохаммад Фаджрул Рахманмен кездесу өткізді.

Келіссөздер барысында тараптар Алматы инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы инвестициялық ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады.

Халықаралық туристік көрмеге қатысу үшін Алматыға келген елші жыл сайын 10 мыңға жуық қазақстандық келетін Алматы мен Бали арасында бауырлас қарым-қатынас орнатуды ұсынды.

Қазіргі кезде қалада индонезиялық капиталдың қатысуымен 2 кәсіпорын жұмыс істейді. Екі ел арасындағы тауар айналымы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 13,5 млн АҚШ долларын құрады, ол 2020 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 12,5%-ға артқан.

Кездесуге қатысушылар өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеует пен перспективалық бағыттарды атап өтті.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Д. А. Қонав атындағы
мұражайдың
жалпы сақтау қорында
8196
экспонат бар.



Алматыдағы жолдар
мен көшелер желісінің
жалпы ұзындығы
3096
шақырымды құрайды.



«Аңсаған саби»
бағдарламасы аясында
биыл ЭКО-ға
845
квота бөлінді.



Мегаполистің
сегіз ауданы бойынша
185 168
жарық шамдары бар.



Биыл
«Жасыл Алматы»
бағдарламасы аясында
350 мың
ағаш отырғызылады.



Алматы метросының
үшінші кезеңінің
құрылысын салуға
120 млрд
теңге
жұмсау көзделген.



Ағымдағы жылы
52 200
жұмыс орнын құру
жоспарда бар.



#АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ

ЖАҢА ЗАМАН ЖЕТІСТІГІ

Ағаштарды биологиялық өңдеу жұмыстарына дрондар қолданыла бастады

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда ағаштарды биологиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін дрондар пайдаланылмақ. Арнайы техника, квадрокоптер – адам өте алмайтын, қол жетімсіз орындарды өңдеу үшін эксперименталды түрде қолданылады. Мамандардың айтуынша, бұл өңдеу аумағын кеңейтуге және жұмыстың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Биологиялық өңдеудің негізгі бөлігі механикалық тәсілмен аспалы бүркүштің көмегімен жүзеге асырылады.

Синоптиктердің болжамына сәйкес, 21–27 сәуір аралығында жауын-шашын күтілуде. Жауын кезінде биологиялық заттардың белсенділігі төмендейді. Сондықтан жасыл желекті биологиялық өңдеу жұмыстары уақытша тоқтатылды.

Өңдеуге ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген қауіптіліктің төменгі санатындағы биологиялық препарат қолданылады. Өзіндік иісі бар, алайда қоршаған ортаға, адамдарға,

үй жануарлары мен өзге де тірі ағзаларға еш зияны жоқ.

Еске сала кетсек, қалада ағаштарды зиянкестерден сақтау үшін биологиялық өңдеу жұмыстарының бірінші кезеңі басталды. Тиімділікті арттыру үшін жұмыстар түнгі уақытта сағат 23.00 мен 06.00 аралығында жүргізіледі. Аталған уақыт мұндай жұмыстар үшін қолайлы болып саналады, себебі күн сәулесі дәрілік заттың зиянкестерге әсерін төмендетеді.

Дрон – қашықтықтан басқарылатын немесе қондырылған жүйелердегі бағдарламалық жасақтамамен басқарылатын, бортық датчиктермен және GPS-пен бірге жұмыс істейтін ұшатын робот. Технологиядағы соңғы жетістіктердің арқасында мұндай құрылғылар адам өміріне араласа бастады. Бүгінгі таңда дрондарды ауыл шаруашылығында да қолдануда. Үлкен егіс алқаптарын суару, тұқым немесе тыңайтқыштар себуі үшін адам күші қажет емес. Мұның барлығын заманауи дрондар атқара алады. Технологияның мұндай жетістігі Алматыда да қолға алына бастады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Шомылуға әлі ерте

Көктем келіп, күн жылына бастағаны сол еді, алматылықтар өздерінің әлеуметтік желілердегі парақшаларында суға шомылу маусымын ашқандарын мақтан етіп, суреттерін жүктей бастады. Дейтұрғанмен, бұл уақыт суға шомылатын кез емес. Оның үстіне көлдер де, өзендер де жылына қоймаған.

Иә, күн ысыса барлығымыздың суға түскіміз-ақ келеді. Бірақ оған қаладағы шомылуға арналған орындар дайын ба?

Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің хабарлауынша, мегаполис алдағы жазғы кезеңде ашық су айдындарындағы судың жай-күйіне мониторинг жүргізуге дайындалып жатыр. Онда профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, микробиологиялық, санитариялық-химиялық, радиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштер тексерілетін болады.

Деректерге сүйенсек, Алматыда 28 өзен мен 26 су қоймасы бар. Алайда, оның барлығы суға шомылуға, жүзуге арналмаған. Қалалықтардың қаперінде жүрсін, шомылуға рұқсат берілген су айдындары деп мына мекенжайлар анықталған: Д.Қонаев атындағы БАҚ маңындағы «Гүлдер» демалыс аймағы, «Баум» тоғайының жағажай алаңы, Сайран көлінің батыс және шығыс бөлігі.

Мамыр айынан қыркүйекке дейін қала бойынша санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг екінші санаттағы 30 ашық су айдынында жүргізіледі. Алатау ауданы – бес су айдыны, Алмалы ауданында – үш, Әуезов ауданында – екі, Бостандық ауданында – екі, Жетісу ауданында – төрт, Медеу – сегіз және Түркісіб ауданы бойынша – алты су қоймаларына тексеру жұмыстары қолға алынады.

– Су айдыны сипатына қарамастан, мейлі ол теңіз, көл, өзен немесе тоған болсын, әрбір адам жүзу кезіндегі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік шараларын білуі және қатаң сақтауы тиіс екенін естеріңізге саламыз. Шомылу орны да маңызды. Ресми түрде пайдалануға рұқсат етілген жағажайда ғана демалып, шомылудың қауіпсіз болатынын естен шығармаңыз. Себебі, жағажайда құтқарушылар, медицина қызметкерлері секілді арнайы мамандар кезекшілік атқарады және ең бастысы, ашық су қоймаларының жай-күйіне мониторинг жүргізіледі, – дейді Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қызметкерлері.

Жалпы, суға шомылу маусымының ашылуы туралы құзырлы мекемелер хабарлайтын болады. Оның уақыты әзірше белгісіз.

Кұралай ЖҰМАДІЛОВА.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Арық суын реттейтін 16 коллектор бар

Бүгінде оның төртеуі ғана жұмыс істеп тұр



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Су басу проблемасын шешу мақсатында Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша су шаруашылығы нысандарының техникалық жағдайына талдау жүргізілді. Нөсер кәріздерін, оның ішінде арықтар мен коллекторларды тексеру нәтижелері БАҚ-қа арналған баспасөз туры барысында көрсетілді.

Барлығы 56 учаске анықталды. Оларды аздаған жауын-шашын кезінде үнемі су басып қалады. Негізгі себептер – кейбір учаскелерде арық желілерінің болмауы, нөсер кәрізімен қосылмаған арықтар, бұзылған арықтар, арықтарды жолдарға шығару, сондай-ақ жұмыс істемейтін, бітелген, көмілген коллекторлар.

Қала шекараларының үнемі кеңеюіне және халықтың өсуіне байланысты ағымдағы жүйе жаңбыр мен еріген судың көлеміне төтеп бере алмауда. Мәселені шешу үшін арық желілері мен коллекторлардың өткізу қабілетін ұлғайтып, кейін бірыңғай желіге біріктіріп, реконструкциялау қажет.

Тексеру көрсеткендей, жауын және



еріген суды бұруға арналған 16 коллектордың тек 4-еуі Алатау ауданында 2013–2018 жылдар аралығында салынған. Қалған 12-сі иесіз және қызмет көрсетілмейді, қоныспен жабылған және бітелген, бұзылған, арық желілеріне қосылмаған.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2022 жылдың наурыз айында қаланың арық жүйесіне инвентаризация жүргізілді. Нәтижесінде 1525 шақырым арық желілері анықталды, олардың 1101 шақырым жұмыс істейді, 424 шақырым (27%) жөндеуді немесе реконструкциялауды қажет етеді, сондай-ақ ұзындығы 100 шақырым жаңа арық желілерін салу керек.

Ағымдағы жылы қаланың жалпы ұзындығы 376 шақырым арық желісін салу және реконструкциялау бойынша жұмыстар басталады (батыс бөлігі – Алатау, Наурызбай, Әуезов аудандары, орталық бөлігі – Жетісу, Бостандық, Алмалы аудандары, шығыс бөлігі – Медеу, Түркісіб аудандары).

Бүгінде қаланың батыс бөлігінде ұзындығы 119 шақырым арық желілерін салу және реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, іске асыру мерзімі – 2021–2023 ж.ж. Бұдан өзге, осы жобамен желілерді жасыл екпелерді суару үшін пайдалану көзделмеген, қолданыстағы коллекторларға жаңбыр және еріген суларды бұру ескерілмеген, ал бұл жекелеген учаскелерді су басып қалуға әкелген.

Осыған орай, жобаны қолданыстағы арық желілері мен коллекторлардың өткізу қабілетін ұлғайта отырып, оларды реконструкциялауды әрі құрылыс жұмыстарын тоқтатпай бірыңғай желіге қосу жоспарлануда. Бұл су басудан сақтайды және жасыл желектерді суаруға мүмкіндік береді.



ӘЛЕУМЕТ

ӘР АЗАМАТ ҚҰҚЫЛЫ

қазақстандықтар енді жеке тұрғын үй құрылысына жер алу үшін eGov.kz порталы арқылы кезекке тұра алады

Сенаттың жалпы отырысынан кейін БАҚ өкілдері палата төрағасы Мәулен Әшімбаевқа қазақстандықтардың 10 сотық жер алуға белсенді түрде құжат тапсырып жатқанына қатысты сұрақ қойған болатын.



«Жеке өз басым жер теліміне өтінім берген жоқпын. Атап айтқанда, жер учаскесіне өтінім беруге әр азамат құқылы. Негізі, елімізде жер баршылық, бұл тұрғыда адамдарға дұрыс түсіндіру керек. Қазақстан аумағы ауқымды, территория жеткілікті, 10 сотық телімнен Қазақстан азаматтарына таратуға болады. Менің ойымша, біз осыған біртіндеп келеміз. Дегенмен, бұл жер телімдеріне коммуникацияларды тарту

мәселесі бар. Ол жерлерде жолдар, электр жарығы, су, кәріз жүйесі болғаны жөн», – деді М.Әшімбаев.

Осы орайда, ол инженерлік желілерге қатысты мәселе бар екенін, бұл бағыттағы тақырыптарды депутаттар көтеріп жүргенін тілге тиек етті.

«Жыл сайын коммуникацияны тартуға тиісті қаражат бөлініп жатыр, бұл жұмыстар жалғаса береді. Сондықтан кезең-кезеңмен әкімдіктер,

Үкімет аталған мәселелерді шешіп, біздің азаматтар қажетті жер телімдерін жеке тұрғын үй құрылысына алады деп санаймын», – деді Сенат төрағасы.

Осы орайда еске сала кетсек, қазақстандықтар енді жеке тұрғын үй құрылысына жер алу үшін eGov.kz порталы арқылы кезекке тұра алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЙЛАУ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖАҢАРАТЫН БОЛАДЫ

200-ге жуық үміткер құжат тапсырды



Алматыда Қоғамдық кеңеске кандидаттарды іріктеу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтіп, оның нәтижесі бойынша 192 адам Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің құрамына ену үшін сайлауға қатысады.



Динара МҰРАТ

Үміткерлердің 40%-ы әйелдер екені қуантарлық жағдай. Байқауға қатысушылар арасында ҰЕҰ өкілдерінің үлесі басым – 40%-дан астам. Үміткерлердің 20%-дан астамы жастар. Сонымен қатар, білім беру саласының өкілдері өтініш берушілердің жалпы санының 10%-ын, денсаулық сақтау – 5%-ын және мәдениет – 6%-ын құрады. Сондай-ақ, құжаттарды

дерінің үлесі басым – 40%-дан астам. Үміткерлердің 20%-дан астамы жастар. Сонымен қатар, білім беру саласының өкілдері өтініш берушілердің жалпы санының 10%-ын, денсаулық сақтау – 5%-ын және мәдениет – 6%-ын құрады. Сондай-ақ, құжаттарды

БАҚ өкілдері де тапсырды, олардың саны 5%-дан асты.

Үміткерлер келесі кезеңде 25–29 сәуір аралығында өтетін сұхбаттасу үшін топтарға бөлінеді. Әңгімелесу кезеңінде кандидаттардың өзін таныстыру үшін сөз сөйлеулері қарастырылған, сонымен бірге құзырет, тиімділік және мотивация бойынша сұрақтарға жауап беретін болады. Әр қатысушыға пікір-сайыс форматында өзі туралы, өз жетістіктері жайлы және Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамына сайлану үшін өз кандидатурасын ұсыну мақсаттары туралы айтуға мүмкіндік беріледі.

Әңгімелесуді өткізу кестесі мен кандидаттар тізімі Алматы қаласы мәслихатының сайтында қолжетімді. Сайлау процесінің ашықтығын, транспаренттілігін және әділдігін қамтамасыз ету үшін барлық сұхбаттар тікелей эфирде көрсетіледі.

Естеріңізге сала кетейік, жұмыс тобының барлық отырыстарына ашық дауыс беру арқылы сайланған тәуелсіз байқаушылар қатысады.

Сайлауды өткізу қорытындысы бойынша, бұрын хабарланғандай, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің 39 мүшесі сайланады, оның 36-сы қоғамның және 3-еуі – мемлекеттік органдардың өкілдері.

ӨНЕРТАБЫС

ДАУЫСТЫ ТАҢУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

аудио-хабарламаны мәтінге айналдырады

Қазақстандық ғалым, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының ғылыми қызметкері Өркен Мамырбаев қазақ тіліндегі дауыстық хабарламаларды мәтінге ауыстыратын жүйе ойлап тапты. Келешекте бұл жоба Philips компаниясының өнімдеріне біріктіріліп, нарыққа шығарылмақ.



«Kazak ASR» деп аталған жүйе Telegram-да чат-бот ретінде жұмыс істейді. Ол дауыстық сигналдарды қабылдап, бірден мәтінге айналдырады. Жүйені тексеру үшін дауыстық хабарлама түймесін басып тұру керек. Жазу аяқталғаннан кейін бот сіздің

дауыстық сигналдарыңызды мәтінге айналдырады. Ғалым, сондай-ақ, жиын кезінде диктофон сияқты іске қосуға болатын дыбыс жазу құрылғысын әзірлеген. Жиналыс аяқталған бойда құрылғы қазақ тілінде хаттама дайындайтындығымен ерекшеленбек.

Өркен Мамырбаев мәлімдегендей, қазір Philips өнімдеріне қазақ тілінде сөйлеуді тану технологиясын енгізу бойынша құжат әзірленіп жатыр. Philips компаниясының өнімді одан әрі жетілдіру туралы ұсынысы бар. «Егер алгоритм туралы кезең-кезеңімен айтатын болсақ, алдымен бағдарлама компьютерге жүктеледі. Содан кейін микрофонды қосамыз. Сөйтіп, сөйлей бастаймыз. Құрылғы екі түрлі дауысты автоматты түрде таниды және екі бөлікте қазақ тіліндегі мәтінін көрсетеді. Мұндай микрофон ақпаратты мәтін түрінде сақтау қажет болуы мүмкін жиналыстар кезінде хаттамалар толтыру үшін пайдалы», – дейді Өркен Мамырбаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Алматы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы 1995–2004 жылы дүниеге келген ер-азаматтарды ағымдағы жылдың наурыз-маусым айлары аралығында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру мақсатында «Отанға қызмет – ер-азамат үшін құрмет!» атты шара ұйымдастырды.

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ер-азамат үшін құрмет!



Бұл шара «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына (2012 жылғы 16 ақпан. №561-IV; 31-бап) және ҚР Президентінің Жарлығына (2022 жылғы 4 наурыз, №827), сондай-ақ, ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығына (2022 жылғы 9 наурыз, №122) сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарын жасақтауды көздейді.

Жиынға «Тарландар» шекарашы жауынгерлер республикалық Қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Марат Әлімжанұлы Мәжитов, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Алматы облысы бойынша Ардагерлер одағының төрағасы, тәжік-ауған аумағының шекарасында ТМД-ның сыртқы шекарасын қорғауға қатысқан ардагер полковник Александр Борисович Дубов, Алматы ауданының №95 орта мектебінің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, «Жас сарбаз» тобының жетекшісі, запастағы қатардағы жауынгер Бақытжан Сағадібекұлы Перимбетов, өнер қайраткері, актер, тележүргізуші Қуандық Шәкіржанов, «Сазген-сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Тілегенов, сонымен бірге мерзімді әскери қызметке шақырылған жастардың ата-аналары қатысты.

Аға ұрпақ өкілдері – ардагерлер болашақ жауынгерлерге бабалар аманаттаған ұлан-ғайыр жерді көздің қарашығындай қорғауға, антқа адал болуға, Отан алдындағы міндеттерін абыроймен орындауға, достықты бағалауға, Отанға деген сүйіспеншілікті мәңгі жандарында сақтауға, әскери қызмет барысында командирлердің бұйрығын бұлжытпай орындауға шақырды және өздерінің басынан өткерген қиындықтар мен қызықты оқиғаларға тоқталып, әскери қызмет барысында қол жеткізген жетістіктерімен бөлісті.

Алматы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы, полковник Айдар Зарлыханұлы Мүсірепов болашақ сарбаздар мен олардың ата-аналарын толғандырған сауалдарға жан-жақты және толыққанды жауап берді.

Жиынға қатысушылар басқарма ұйымдастырған ауқымды әрі тәрбиелік мәні зор тағылымды іс-шараға өз ризашылықтарын білдірді.

Кеш соңында «Сазген-сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің және басқарма қызметшілерінің өнерлерімен жалғасты.

Мәулетбек ҚОЗЫҚАНОВ,
басқарма бастығының әскери-патриоттық жұмыс жөніндегі көмекшісі.



ЖАНКЕШТІ КӘСІП

Жаһандық желінің арқасында біз суреттер мен видеолардан әуедегі әдемі кадрларды, сондай-ақ ұшақтың ішінен түсірілген ғажап көріністер мен әуежайлардағы ұшақтардың фотосуреттерін көруге мүмкіндік алдық. Бірақ әуе көлігін жүргізетін ұшқыштардың әңгімесін күнде естіп, біле бермейміз. Алматылық ұшқыш Жарас Бозжігіт еліміздегі ең үлкен ұшақтардың бірі – Boeing-767 ұшағын басқарады. 5 жылдық тәжірибесі бар маман «Ақшамға» сұхбат беріп, авиация саласының қыр-сырымен бөлісті.

Жарас БОЗЖІГІТ, ұшқыш:

САПАРЛАРЫҢЫЗ
СӘТТІ БОЛСЫН!

– Неліктен бұл мамандықты таңдадыңыз? Авиацияға қалай келдіңіз?

– Нұр-Сұлтан қаласында университетте оқып жүріп, бір досымнан: «бізде мемлекеттік авиациялық орталық бар. Ең бастысы, іріктеу кезеңдерінен өтсең, авиацияда оқуға мүмкіндік аласың» деген ұсыныс келді. Біраз ойланып, орталықты зерттеп көрдім. Орталық Токтар Әубәкіровтің бастамасымен ашылған. 3-курста оқып жүргенімде авиамектепке барып көрдім. Бастысы, университеттегі оқуға кедергі болмауы керек. Қыркүйекте сабақ басталып, мамыр айына дейін арнайы курс ретінде оқыдық. Авиамектеп баланы авиацияға қызықтыру мақсатында ашылған.

Өзім ауылда өстім, менің отбасымда, тіпті, таныстарымның арасында авиациядан бірде-бір адам болған жоқ. Авиациядан бей-хабар жастарды ұшқыш болуға қызықтыратын таптырмас орталық. Авиамектепте біз 2 топта 40-қа жуық бала оқыдық. Алтауымыз авиациялық академияға түстік. Солардың ішінде үлкен авиацияда мен ғана қалдым. Себебі, авиацияға келу, ұшқыш болу жолы – қиын. Оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу үшін алдында біраз сынақтар күтіп тұрады. Академияда оқып жүріп, 1-курстан кейін оқуымды Финляндияда жалғастырдым. Ол жаққа мемлекет тарапынан 12 балаға грант бөлінген еді. Финляндиядан лицензияларымызды алып, елге келіп жұмысқа орналастық.

– Авиация саласында жүргеніңізге қанша жыл болды? Әуеде қанша сағат ұштыңыз? Алғашқы рейсіңіз?

– Ұшып жүргеніме 5 жыл болды. 3200-3300 сағат ұштым. Басында үшінші ұшқыш ретінде 2 ұшқышты бақылап отырдым. Ең бірінші Ақтау қаласына, Нұр-Сұлтан қаласына ұшып барып келдік. Ал командирдің қасында екінші ұшқыш ретінде ұшқанда қасына тәжірибелі екінші ұшқышты отырғызады. Тәжірибең жетпей жатса, үшінші ұшқыш орнында алмастыра қояды. Екінші ұшқыш болып алғаш рет Алматыдан Шымкент қаласына ұштым.

– Бір айда немесе бір аптада осынша сағат қана ұшу керек, артық ұшуға болмайды деген шектеулер бар ма?

– Иә, бар. Бізге жылына 900 сағаттан артық ұшуға болмайды. Сондай-ақ, компанияның өзіндік ішкі ережелері бар. Сол ереже бойынша 7 күн қатарынан ғана ұша аласың, 8-күн ұшқышқа міндетті түрде демалыс болуы шарт.

– Ұшақты неше ұшқыш тізгіндейді?
– Ұшақ кабинасында 2 ұшқыш болады. Бірі – командир, екіншісі – екінші ұшқыш. Мен қазіргі таңда екінші ұшқышпын. 2 ұшқыштың да міндеттері болады. Командир мен екінші ұшқыш өз міндетін атқарады. Екінші ұшқыштың жұмысы – командирге көмектесу. Авиацияда командамен жұмыс істеу аса маңызды. Рейсте бір ұшқыш әрқашан әуе кемесін басқарса, екіншісі біріншісіне көмектесіп отырады. Мәселен, диспетчерлермен байланыс орнатады. Қайту рейсінде біз орын алмасамыз. Екіншісі басқарып, біріншісі бақылау жасайды.

– Ұшар алдындағы процесті айтып берсеңіз? Жұмыс нешеде басталады?

– Рейс алдында арнайы брифинг болады. Командир ғана басқаруы тиіс деген арнайы қатып қалған ереже жоқ. Шетелге ұшатын болса жұмыс бір жарым сағат бұрын, ішкі

рейстер болса офиске бір сағат он бес минут бұрын келеміз. Штурмандардың рейске дайындап қойған флайт-жоспарымен танысып, қанша сағат ұшамыз, қанша жанармай керек, келу уақытын және ауа райы белгіленген құжаттармен, жоспармен танысамыз. Мысалы, қонардағы қону жолағы үшеу болса, ол жоспарда бүгін біреуі ғана істейді деп жазылып тұруы мүмкін. Ұшақ ұшпай тұрып соның бәрімен танысып, ұшқыш қайсысына қонуды алдын ала білу керек. Брифингті 2 ұшқыш өткізеді. Ұшаққа келе сала техникалық жағын тексеріп шығамыз.

Бортсеріктер бізге келіп, барлық жолаушы бортта деп хабарлайды. Командир немесе екінші ұшқыш 3 тілде жолаушылармен амандасып, қысқаша рейс барысын, қонатын әуежайдағы ауа райын айтады. Есіктер жабылып, диспетчерден рұқсат сұрайды. Қонғаннан кейін бортсерік хабарлайды. Тоқтап, ұшқыштардың қолы босағаннан кейін командир рейсте болған жолаушыларға рахметін айтып, қоштасады.



– Жұмыс барысында, әуеде ауа райына байланысты дегендей, тосын оқиғалар болды ма?

– Бірде Сеул–Нұр-Сұлтан рейсінде Қытайдағы әуе жолын әскери ұшқыштар ұшып жүргендіктен жауып тастаған. Біз әуе жолының жабылатынын хабардармыз. Жоспарда ол жол жабылмастан 3 минут бұрын ұшып өтетініміз көрсетілген. Бірақ біз ол жерге 15–20 минут бұрын ұшып бардық. Ерте келсек те, жолдың жабық екені туралы хабарлады. Сөйтіп, жақын маңдағы әуежайға қонып аялдауға тура келді. Компанияға спутниктік телефонмен хабарласып, флайт-жоспар сұраттық. Сол жерде 2 сағаттың шамасында күтіп, қайта ұштық. Осындай күтпеген тосын оқиғалар болып тұрады. Ойламаған жерден ұшақтың ұшу бағыты өзгеріп кетуі әбден мүмкін. Мәселен, біз алысқа ұшамыз делік, жол алыс болғандықтан жанармай көп керек. Қонуға рұқсат етілген салмақ болады. Ұшуға және қонуға максималды салмақ әртүрлі. Үлкен салмақпен ұша аламын, бірақ сол салмақпен қона алмаймын. Төтенше немесе оқыс жағдайлар бола қалса, ұшақтағы артық жанармайды шашып жіберуім керек. Оның белгілі бір биіктігі, арнайы аймағы бар. Әр елдің, әуежайдың арнайы жанармай шашатын жерлері болады.

– Ұшқыш мамандығының біз білмейтін беймәлім тұстары бар ма? Мәсе-

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

– Рейс барысында кабинадағы 2 ұшқыш 2 түрлі тамақ ішеді.

– Ұшқышқа ұшар алдында 24 сағаттың ішінде дайвингпен айналысуға болмайды. Себебі, судың астындағы мен әуедегі қысым әртүрлі болады да денсаулыққа кері әсерін береді.

– 2 ұшқышқа кезектесіп, ұзақ рейстерде 40 минутқа дейін ұйықтауға болады. Бірақ жерге төмендегенге дейін 20 минут қалғанда 2 ұшқыш та ояу болуға тиіс.

– Ұшақтың оң жақ қанатында жасыл, сол жағында қызыл, артында ақ жарық жанады. Әрбір жарықтың атқаратын қызметі бар.

– Жұмыс барысында, әуеде ауа райына байланысты дегендей, тосын оқиғалар болды ма?

– Бір типпен бірге екінші тип қатар жүреді. Мысалы, бізде Boeing-767-мен ұша алатын ұшқыш 757-мен де ұша алады. Ол сәл кішілеу. Ұшқыштардың мобильді болуы үшін жасалған. Ал Airbus-320-ның ұшқышы 318, 319, 320, 321-мен де ұша береді. Себебі, бәрінің кабинасы бірдей, тек салмағы әртүрлі. Бірақ Airbus-тың ұшқышы Boeing-те ұша алмайды.

– Рейс алдында ұшқыштарға медициналық тексерістен өту міндетті ме?

– Ол бұрын міндеттелген. Рейстің алдында қан қысымын өлшеп, ұшқыш толық тексерістен өтетін. Қазір бұл міндеттемені алып тастады. Әр ұшқыштың денсаулығы, рейс кезіндегі жауапкершілігі – өз мойнында. Ұшқыш рейс алдында өзін жайсыз сезініп, денсаулығы жарамаса, алдын ала ұшаққа отыра алмайтынын ескерту керек.

– Қай мезгілде ұшқан қауіптірек?

– Ұшақ – қауіпті транспорт түрінің бірі. Қыста да, жазда да ұшудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, жазда жауын-шашын көп болатындықтан, әуе жолында найзағайлы бұлттардан айналып өтуіміз керек. Ұшақтағы радар қай бұлттың найзағайлы екенін, қай бұлтта қатты заттар бар екенін көрсетіп береді. Қыста жол сырғанақ болады, ал тұман қауіпті деп ойламаймын.

ҰШАҚТА ЕҢ МАҢЫЗДЫ СӘТ –
ҰШУ ЖӘНЕ ҚОНУ КЕЗЕҢІ

– Жолаушыға ұшақтың жерден көтерілгені және жерге қонатын кезі ерекше әсер қалдырады. Маған осы кезеңдер қатты ұнайды. Сізге ше?

– Маған қонатын кез ұнайды. Себебі, ұшқыштың жұмысының басым көпшілігі, яғни 60–70 пайызы – қонатын кезде басталады. Авиамектепте оқып жүрген кезде инструктор: «Ұшар кез – жақсы, ұшу – керемет, қону – қауіпті» деген еді. Ол кезде әлі теория оқып жүрген, ұшуда тәжірибе жоқ кезең. Түсінбейтінмін. Кейін ұша бастағаннан кейін шынымен де солай екеніне көз жетті. Ұшқыштың негізгі жұмысы жерге төмендегеннен басталып, қонуға дейінгі аралықты қамтиды.

Ұшақта ұшқан кездегі ең қауіпсіз кезең – ең биікте, эшалонда ұшып бара жатқан кез. Қауіпті әрі маңызды кезең – ұшатын және қонатын кез.

– Әуеде ұшақ теңселіп, жанға қарай ауып жатады. Бұл қауіпті ме?

– Жерге жақындағанда ұшақ теңселіп бастайды. Әсіресе, жазда күннің көзі жерді қыздырады. Жер беті тегіс емес болғандықтан, әртүрлі қызады. Қызған ауа төбеге қарай көтеріледі. Бір жердің ауасы – ақырын, екінші жердің ауасы – тез көтеріледі. Сол үшін әртүрлі ауаның әсерінен ұшақ теңселеді. Ал әуеде алда ұшып бара жатқан ұшақтың қанаттарының әсерінен ауа бұзылады да артында ұшып келе жатқан ұшақты теңселеді. Бұл – қауіпті емес. Оның барлығын диспетчерлер бақылап, ескертіп отырады. Уақыт өте келе ауа түзеледі. Екіншіден, әуедегі желдің әсерінен болып жатады. Қатты желдің жылдамдығы ауысып отырады. Таулы аймақтың үстімен ұшқанда да, қатты бұлттарға жақындағанда да ұшақ теңселеді. Шығыстан батысқа ұшқанда жел алдымыздан соғады. Біздің жылдамдығымыз төмендейді, ал батыстан шығысқа ұшқанда жел арттан соғады да ұшақ тез ұшады.

– Ұшақ қонғаннан кейін жолаушылар қол шапалақтап, ризашылықтарын білдіріп жатады. Жолаушылар жақтағы дыбыстар сіздерге естіле ме?

– Жоқ, бізге естілмейді. Бортсеріктер осы рейс өте сәтті болды, жолаушыларға ұнады деп айтып жатады. Біз оған, әрине, қуанамыз.

– Болашақ ұшқыштарға айтарыңыз?

– Ұшқыш болу үшін ең бірінші мақсат керек. Мақсатты іске асыратындай талап керек. Мектепте оқитын оқушыларға математика, физика пәндерінен дайындық қажет. Ең маңызды шарттардың бірі – тіл білу. Авиация – дамыған сала. Сол үшін ағылшын тілі өте керек тіл. Шетелге ұшқандықтан бүкіл әлем қазір бір стандартпен, ағылшын тілімен ұшады. Тілді неғұрлым жетік білсе, соғұрлым ұшқыш үшін жұмысқа орналасып, жұмыс істеу оңай болады.

Авиациялық оқу орны Қазақстан бойынша бір-ақ жерде бар. Ол – Алматы қаласындағы авиациялық академия. Екіншіден, еліміздегі ең үлкен «Airstana» компаниясының ұшқыштарға арналған арнайы бағдарламасы бар. Бағдарлама басқа салада жүрген, бірақ авиацияға қызығатын, ұшқыш болам дейтіндерге арналған. Ағылшын тілін жетік білетіндігін дәлелдейтін, медициналық тексерістен өткендігі жөніндегі құжат керек. Барлық керекті құжатты тапсырғаннан кейін іріктеу кезеңдері басталады. Бірінші кезеңде ойлау, түсіну қабілеті тексеріледі. Одан өткеннен кейін екінші кезеңдегі компас деп аталды. Ол 6-7 тапсырмадан тұрады. Математика, бағдарлау, есте сақтау қабілеттері тексеріледі. Жалпы, шектік ұпайды жинаса 3-кезеңге шақыртылады. Ол кезеңде ұшақтың симуляторы болады. Алматыда немесе шетелдегі симулятордан тексереді. Ол жерде бір уақытта бірнеше жұмысты істей алу, яғни жан-жақтылығы сыналады. Аса ыждағаттылықты талап етеді. Ол кезеңнен өткеннен кейін келесі кезең – сұхбат. Психологтар, ұшқыштар сұхбат жүргізеді. Ол арқылы болашақ ұшқыштың мінез-құлқы тексеріледі. Ұшу барысында командир мен ұшқыш үнемі сөйлесіп, бір-бірімен ой алмасып отыру керек. Екі ұшқыш бір-бірімен сөйлесіп, келісе алмаса, рейс қауіпті болады. Сондықтан соның бәрін іріктеу кезеңдерінде тексереді. Кезеңнен өткеннен кейін топқа бөліп, ұжымдық жұмыс істей алу қабілеттерін тексереді. Бұл жерде маңыздысы – берілген тапсырманың қорытындысы емес, орындалу барысы, бір-бірімен сөйлесуі, бір-бірін тыңдауы, қарым-қатынас жасай алуы басты назарға алынады.

– Ұшқыш болудың маңызы қандай?

– Ұшқыш болу – аса жауапкершілікті талап ететін мамандық. Ең маңыздысы – жауаптылық. Әрбір ұшқыш өзінің мамандығына, әрбір рейске жауапкершілікпен қарау керек. Барлық жағдайға алдымен, психологиялық түрде дайын болу керек.

– Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТЕАТР

Махамбет Әуезовке келді

Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасында өнер көрсетті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ



Сахна шымылдығын ашуға белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері қатысып, қос театрдың жұмысына сәттілік тіледі. Айта кетейік, Махамбет атындағы Атырау облыстық театры Алматыға араға 4 жыл салып, екінші мәрте келіп отыр. Бұл жолы театр ұжымы көрермендерді ерекше қойылымдарымен қуантты.

Ұсынылып отырған спектакльдердің көшін Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесінің желісінде жазылған «Қош бол, Қараой» спектаклі бастады. Өткен ғасырдың екінші жартысында жазылып, ХХІ ғасыр сахнасына талантты режиссер Мұқанғали Томамовтың өңдеуімен жарқ еткен бұл шығарма – белгілі жазушының классикалық туындыларының бірі де бірегейі.

Ең әуелі көрермен сахнадан алып қызыл күнді, ақ пен кара алмасқан алмағайып шақтың белгісіндей аспанды көрді. Жарым көңілдің жаршысындай кебеже мен текеметтің қиғаш кесілген үшкір бұрышы қанжардай суық заман келбетін білдірсе, кебеже ішінен көрінген шам жарығы жүрек түкпірінде әлі де болса сақталған жылылықтан хабар берді.

Жалпы, спектакль абстракцияға құрылған. Махамбеттің көрген түсінің өзі сол бойында сахнада тіріліп, барша жансызға жан бітіп, алапат бір күйге бөлейді. Сөйлемей тұрған бір деталь жоқ. Ақталмай тұрған артық қимыл жоқ. Махамбеттің алабұртқан көңіліне демеу болар үміт аз.

Спектакльдегі Махамбеттің рөлін театр актері Мырзабек Макулов сомдайды. Кескін-келбеті келіскен актердің батырдың ішкі трагедиясын беруге барынша тырысқаны көрініп тұрды. Исатай мен Жәңгір образдарын Бекет Зинуллин мен Нұрбек Съезхан сәтті алып шықса, Әуес бейнесін актриса Нұршат Аралбай, батырдың ұлын Әзілхан Серікбаевтар сомдады.

Алматылық көрермендерге атақты ағылшын драматургі У.Шекспирдің «Ричард III» ақиқаттың ізімен» атты шығармасы ұсынылды. Реж.: Ж.Телтаев, сценограф Т.Мұхтаров.

Шекспир бұл шығармасында тағдыр мен уақытты өзіне бағындыруға ұмтылған III Ричардтың тарихи тұлғасын көрсетуге тырысқан. Аталған трагедиялық шығарманың желісі әлеуметтік дәрежесіне қарамастан, адамдардың кісілік қасиеттері бағалануы тиіс дегенді жеткізеді.

Сахналық қойылымда билікке бару, таққа таластық кезінде қатыгез тәсілдермен адамның көзін жоя отырып, мақсатына жетуге ұмтылған сәттер көрсетілді. Осылайша қойылымның негізгі мақсаты – көрермендерге терең ой салу.

Үшінші күн балғын балапандарға арналды. Шығыс ертегісінің жауһары А.Галланың «Аладдин» ертегісі сахналанды. Балдырғандардың сүйікті кейіпкерлерін театр актерлері қазақ тілінде сайратты. Қойылымда қап түбінен тауып алған ескі шамы арқылы Аладдин сұлтанның қызы – Будур ханшайымға қол жеткізеді. Ол үшін жолында кездескен түрлі тосқауылдарды жеңіп, түбінде арманына жеткендігі кішкентай бүлдіршіндерді бей-жай қалдырмады.

Атыраулықтар орыстың әйгілі классик жазушысы, драматург Антон Чеховтың «Апалы-сіңлілі үшеу» қойылымын театр сүйер қауымға ұсынбақ.

Драма оқиғасы губерндік қалада, зиялылар отбасы Прозоровтардың үйінде өтеді. Андрейдің қарындастары, апалы-сіңлілі үшеу: Ольга, Ирина және Машаның бар арманы – өздері туып-өскен Мәскеуге кету. Бірақ олар қанша орайы келіп тұрса да, бара алмайды. Бір кездері Мәскеу университетінің профессоры болады деп үміт еткен ағалары болса, отбасының билігін қолына алған әйелі Наташаның айтқанынан шыға алмайды. Драманың бүкіл оқиғасы Прозоровтардың және арман жетегіндегі, бірақ оның жүзеге асуы үшін шөптің басын да сындырмайтын, ерік-жігері аз, қиялмен күн өткізетін кейіпкерлердің күнделікті тыныс-тіршілігі мен бір-біріне онша үйлесімі жоқ, шым-шытырық қарым-қатынастары аясында өрбиді. Әр кейіпкердің өз драмасы және ол драманың бірнеше астар ағыны бар. Чехов пьесасында ғасырлар тоғысындағы рухани катаклизмдерді, бұрынғы өмір салт пен жаңа өмір салттың қайшылықтарын, қоғам идеал-мұраттарының өзгерулерінен жеке адамның ғана емес, жалпы қоғамның және тұлғаның алдынан шығатын өзекті мәселелерді алға тартады.



Апталықтың соңғы күнінде көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармасы негізінде «Жалғыздық» шер» атты спектаклі сахналанады. Қойылымда көп ішінде жүріп, жалғыздықтың күйін кешкен кейіпкер татар дәмі тауысша шағында анасының мәңгілік мекенін жанұшыра іздегенін бейнелейді. Ерекшелігі сол, режиссер көрермендері кейіпкерлердің әрбір қимылын анық көріп, сезініп отыруы үшін камералық үлгідегі сахна алаңының айналасында тоғыстырады.

– Қойылымда орыс ақыны В.Высоцкийдің әндері пайдаланылды. Мұнда сөзі аз болғанымен иірімдері жетерлік. Қойылымның ерекшелігі – жан дауасын іздеп келетін жолдаушыны қарсы алатын топтасқан «Адамдар» лезінде. Ал өзектілігі – бес күндік жалған ғұмырдың әр сәтін бағалай білуде, – дейді қоюшы-режиссер Мұқанғали Томамов.

Атыраулықтар осы апталықта театр өнерін жоғары бағалайтын көрерменді деңгейі биік, берері мол қойылымдар арқылы рухани сусындатпақ.

ТҮЛҒАТАНУ

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!

Ахмет БАЙТҮРСЫНҰЛЫ.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру

«Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек, осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деді.

Бұл көзқарас бүгін де өзекті.

Біріншіден, ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болған жөн.

Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу керек.

Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс.

Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек.

Бесіншіден, әділдіктен айнамаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік әсіресе, ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет.

Алтыншыдан, бізге керекі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық.

Бәріміз нағыз қазақты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз. Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

Жаңа кітаптың таныстырылымы өтті

Алматыдағы Туризм және қонақүй индустриясы колледжінде белгілі ақын, Қазақстанның мәдениет қайраткері, «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбектің «Көңіл көктемі» атты жыр жинағының таныстырылымы өтті.

Жаңа кітапты Алматы қаласы әкімдігінің демеушілігімен Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы «Әдебиет» баспасы шығарған. Лирик ақынның бұл кітабына туған жер, дала мен қала, табиғат, жастық шақ пен махаббат тақырыптарына арналған өлең-жырлары еніп отыр.

– Өкінішке қарай, бүгінгі жастарымыздың кітап оқымайтыны



рас. Біз осының негізгі себептерін іздестіріп жүрміз бе? Меніңше, жастарды кітап оқуға тарту үшін осы заманға лайық жолдарды қарастыруымыз қажет. Өркениетті елдерде жаңадан шығып отырған кітап бірден QR-кодпен интерактивті түрде басып шығарылады. Оқырман сол арқылы кітапты галамтордан бірден тауып алып оқиды. Бүгінгі оқырмандарымызды осындай жолдармен кітап оқуға баулуға болатын сияқты, – деді әңгіме барысында колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асланбек Қансарбаев.

Бұл орайда ақын жаңа технологиялық жолмен кітап шығару үрдісі елімізге енді ғана келе бастағанын, күні кеше осы тұрғыдағы интерактивті «Орал» атты кітапты «Арыс» баспасы жарыққа шығарғанын айтты.

Колледж студенттері мен оқытушыларының арасындағы сыр-сұхбат кешіне айналған кездесу барысында әр алуан тақырыпты қамтыған ашық әңгіме болды. Студент-жастар ақынның өлеңдерін оқып, ән мен күйден шашу шашты.

Гүлнара ЖҰМАБАЕВА,
кітапхана меңгерушісі.



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

«САЯСИ РЕФОРМАЛАР:
ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР»Жас сарапшылар жаңа реформалардың болашағын бағалап,
ықтимал тәуекелдерге талдау жасады

«Sagap» эксперттік клубы мен «Политолог» студенттік пікірталас клубының «Саяси реформалар: тәуекелдер мен перспективалар» тақырыбында бірлескен отырысы өтті.

Іс-шараны ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ ұйымдастырды.

Эксперттік клуб қатысушылары Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасы бойынша өз пікірлерін білдіріп, қазақстандық қоғамды саяси трансформациялауға бағытталған бірінші кезектегі шараларды атап өтті. Сондай-ақ, сарапшылар болашақ реформалардың перспективаларын бағалап, ықтимал тәуекелдерге талдау жасады. Эксперттік клуб отырысының модераторы ретінде Қазақстандық қоғамдық даму институтының төрағасы Қазбек Майгелдинов өткізіліп жатқан іс-шараның өзектілігін, саяси реформалардың жаңа бағдарламасы республика өмірінің барлық саласына серпін беретін маңызды тарихи кезең екенін атап өтті.

«Біздің іс-шарамыздың негізгі мақсаты – Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы аясында айтылған саяси реформалардың негізгі тезистеріне тереңірек тоқталу», – деді ол.

Отырыс барысында Қазбек Майгелдинов ҚҚДИ-ның 2021 жылғы атқарған қызметі мен жұмыс қорытындыларымен бөлісті және қазақстандықтарды соңғы Жолдау туралы ақпараттандыру бойынша телефон арқылы жүргізілген сауалнаманың нәтижелерімен таныстырды.

«14 облыс пен Республикалық маңызы бар 3 қалада (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары) 1200 респонденттен жауап алынды. Телефон арқылы жүргізілген сауалнама көрсеткендей, халықтың 78,5%-ы Мемлекет басшысының Жолдауын тыңдап, оң әсер алды. Ел азаматтарының естерінде жиі қалған ақпарат туралы айтатын болсақ, 38,8-ы үш жаңа облыстың құрылғандығы туралы бастамаларды айтады. 29,7%-ы Президенттің жақын туыстары үшін мемлекеттік қызметте

және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымдарды атқаруға тыйым салынғанын еске алды».

«Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры, саясаттанушы Андрей Чеботарёвтың айтуынша, конституциялық реформа Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды оқиғаға айналады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдум институтын пайдалануды қайта бастауы өзі жүргізіп отырған саяси бағыттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, сондай-ақ елдің саяси жүйесін түбегейлі реформалауға және азаматтарды мемлекеттік басқаруға кеңінен тартуы оның адалдығының көрінісі. Жарияланған саяси реформалардың мазмұны мен сипаты, оның ішінде суперпрезиденттік басқару моделінен шығуды ескере отырып, еліміздің негізгі заңына енгізілген тиісті түзетулерді қазақстандықтардың елеулі бөлігі қолдайды деп күтілуде. Конституциялық реформаны референдум арқылы жүзеге асыру, шет елдердегі және халықаралық ұйымдардағы саяси топтар мен қалың жұртшылық арасында оң пікір тудызуы мүмкін», – деп сенімді пікір білдірді Андрей Чеботарёв.

ЖАСТАР САХНАСЫ

«ЖАН мен ТӘН»

Қалалық жастар арасында мәдени шараларға деген қызығушылық артып келеді.

Оңтүстік астанамыздың жастары мәдени шараларға атсалысып қана қоймай, өздері де осындай көңіл қуантарлық жиындардың басы-қасында жүр. Әсіресе, жастар арасында кішігірім сахналарды өз қаражатына жалға алып, қаланың әр түкпірінде авторлық спектакль, шағын концерт қою белең алды. Мұндай өнер кештерінің бірі жақында OzgeEpic заманауи жастар сахнасында өтті. «Жан мен тән» деп аталған кеште Алма Кәкішованың режиссерлігімен Жансерік Серік орындаған моноспектакль (бір актер театры немесе жалғыз орындаушысы болатын монолог-спектакль) сахналанды.



Моноспектакль көзге көрінетін және көрінбейтін тылсым күштердің мәнін ашу мақсатын ұстанады. Жас актер тұра жүгіріп, жылай да күле де сөйлеп, осы идеяны көрерменге көрсетті. Шағын аудиторияға лық толған қауым да әрбір қозғалысты, әр айтылған сөзді бағалағандай, қойылым соңында тоқтаусыз қошемет білдірді. Алматы жастарының өнерге деген мұндай сүйіспеншілігі көңіл қуантады.

Мәдени ордамыздың жас таланттары, өнерлеріңіз өрге жүзсін деп тілейміз!

СӘН ӘЛЕМІ

Краковты
бағындырды

Жақында Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның және Краков өнер және сән дизайны мектебінің ынтымақтастық шеңберінде Польшада Краков сән апталығының көрсетілімі өтті.

Аталған іс-шарада «Сән және костюм дизайны» кафедрасының доценті Гүлнар Бекібаева «SAPU» киімді көркем жобалау мектебінің дипломдық жобаларына қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысты. Сондай-ақ, әділқазылар қатарында Ұлыбритания, Шри-Ланка, Франция, Швейцария, Польша және т.б. елдердің дизайнерлері, стилистері және костюм суретшілері болды.

Академия студенттері: Мәлика Сүйебеуберген, Әмина Молдағалиева, Милана Бокова, Әйгерім Орынбекова, Дана Сәдуақасова, Алтынай Утарова, Алмас Керімбектің шығармашылық жұмыстары Польша, Шри-Ланка, Қытай елдерінен келген қонақтар коллекцияларымен бірге көрсетілімге шықты.

Шаһарымыздың өнерлі студенттері Польшадағы көрсетілімге қатысуымен құттықтаймыз және оларға шығармашылық жетістіктер мен жеңістер тілейміз!

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.

САУАЛНАМА

Бүгінгінің батырлары кімдер?

Алматы жастары бүгінгі күні кімді батыр санайтынын білгіңіз келсе, біздің сауалнамаға көз жүгіртіңіз.

Көмекке дайын жан

Айжан СЫЛАНОВА,
студент:

– Мен кез келген жағдайда, кез келген қиындықта өзін емес өзгені ойлайтын адамдарды бүгінгінің батырлары дер едім. Ол міндетті түрде полиция қызметкері, өрт сөндіруші не дәрігер болуы міндетті емес. Қарапайым адамның өзі де батыр бола алады. Мәселен, көшеде ауыр сөмке көтерген қарт адамға 5–10 минутын киіп, көмек көрсететін жандарды мен батыр санаймын. Өйткені, ол көмек керек жанды айналып өтпей, қайта оған қуаныш сыйлайды, пайдасын тигізеді. Сонымен қатар, қарт адамның батасын алады. Өз өміріне қауіп бар екеніне қарамай, кәсіби дайындықсыз отқа да кіріп, суға да түсетін адамдар да ХХІ ғасырдың ең басты батырлары. Меніңше, батыр болу жас та, мамандық та тандамайды.

Сондай-ақ, «Қаңтар оқиғасы» кезінде қолдарында қару жоқ болса да, ел үшін қызмет еткен әскери курсанттарды нағыз бүгінгінің батырлары дей аламын. «Ер есімі – ел есінде» демекші, сол кезде ел үшін жан тапсырған жас сарбаздардың батырлығын ұмытпайық!


Елі үшін қызмет етеді

Шамсинұр
ЕРЖАНОВА,
студент:

Бұрын батырлардың аты ұрыс алаңындағы ерлігі арқылы шығатын болған. Ал бүгінгінің батырлары өз аттарын халықаралық спорт алаңдарында шығарып жүр деп ойлаймын. Бір өзі үшін емес, бүкіл қазақ елінің үмітін ақтау үшін күнделікті тер төгіп, қаншама үздіктермен сынға түсіп, Көк байрағымызды әлемнің алдында танытып жүрген спортшыларымыздың батыр екені сөзсіз. Сондай-ақ, әлемді өз өнерімен бағындырып, қазақ халқын жақсы жағынан әлемге мойындатып жүрген Димашты да сөзсіз батыр дей аламын.

«Батыр» сөзін естігенде, заман келбетін өзгерткен пандемия жағдайында адам өмірі үшін күрескен дәрігерлерді айналып өте алмаймыз. Өз отбасылары болса да, 24 сағат аурухана қабырғасында дамылсыз өліммен күрескен барлық дәрігерлерге алғысымды білдіремін. Ол кісілерді бүгінгінің нағыз батырлары ретінде мойындаймын.

Еріктілер еңбегі ерен

Ержігіт ӘЛИАКБАРОВ,
кала тұрғыны:

«Бүгінгінің батырлары» деген неткен жағымды тіркес, әдемі ұғым. Меніңше, бүгінгі күні осындай құрметке қандай қиындықта да баласын тастамаған ата-ана, қартайғанда әке-шешесін әртүрлі қоғамдық үйлерге қалдырмаған бала лайықты. Қазақ халқы «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған халық» деп сөз жүзінде мақтанады. Ал іс жүзінде Алматының өзінде 10-нан астам қарттар үйі, қанша балалар үйі бар. Бұл өте өкінішті жағдай. Сондықтан өз ата-анасының қадірін шынайы түсінген, өз баласын махаббатына бөлей білген әрбір жан мен үшін сөзсіз батыр.

Сонымен қатар, бір тиын ақша алмаса да, Қазақстан даму үшін бар уақытын сарп ететін қоғам белсенділері де «бүгінгінің батырлары» деу артық болмас. Себебі, оларды ешкім міндет-темесе де, жауапкершілікті өз мойындарына алып, маңызды мәселелерді шырылдап, өзгеден бұрын көтеретін қоғамдық ұйым мүшелерінің еңбегі ескеріле бермейді. Ондай мақтанның оларға да қажеті жоқ. Сондықтан қайтсем пайдам тиеді деген еріктілердің, экологияны сақтайық, азаматтық қоғам құрайық дейтін белсенділердің батырлығын айтқанымыз жөн.



БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КҮНІ

Әділ ҚОЙТАНОВ,
ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры:

АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ҚАЗЫНА

Кітаптың алдында бәріміз шәкіртпіз

23 сәуір – күллі ғаламның кітапсүйер халқы мен осы сала қызметкерлері үшін төл мереке. Тарихқа үңілсек, бұл кәсіби мереке Халықаралық кітап баспа қауымдастығының қолдауымен 1969 жылдан тойланып келеді. 1995 жылдың 16 қарашасында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 28 сессиясында мереке туралы арнайы Қарар қабылданып, 23 сәуір «Халықаралық кітап және авторлық құқық қорғау күні» болып жарияланды. Яғни бұл күн – жалпы кітап өндірісінің, әдебиеттің, ғылымның айналасында жүрген азаматтардың мерекесі. Олардың еңбегінің халықаралық деңгейде әспеттелетін күні. Мереке қарсаңында біз ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры, белгілі баспагер Әділ Қаженбайұлы Қойтановты әңгімеге тартып, рухани шаңырақтың бүгінгі тыныс-тіршілігі, қызметі жайлы әңгімелеп беруін өтінген едік.

– Кәсіби мерекенің мақсаты – қоғамды кітап оқуға баулу және адамзат руханиятының қалыптасуына үлес қосқан шығарма авторларын құрметтеу, әдебиет тұлғаларын ұлықтау. Бұл күні әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі кітап көрмелері мен жәрмеңкелері, акциялар мен конкурстар өтеді.

Француз халқы технологиялық, экономикалық заманда өмір сүріп жатса-дағы, негізін сауатсыздықты жоюдан алған «Кітап оқу күнін» әлі күнге дейін ауқымды шара етіп өткізеді, халқы оқу мәселесінде жауапкершілікті сезінеді. Мейрам күні Францияның ірі қалаларындағы алаңдарда жазушылармен, ақындармен кездесулер өткізілсе, барлық ақпарат құралдары әдеби тақырыптарды талқылап, тақырып шеңберіндегі бағдарламалар жасайды. Бұл мерекенің басталуына сауатсыздықты жою мәселесі себеп болғанын баса айтқан жөн. 1986 жылы ғалымдар зерттеу жүргізіп, нәтижесінде еңбекке жарамды халықтың 20 пайызы жазу мен оқудан мақұрым екенін анықтаған. Осы мереке халықтың дәстүріне сіңісіп, жалпыхалықтық сипат алған.

Бүгінде қазақстандық баспалар ескі сарынан бірте-бірте арылып, заманауи бағыт ұстануға көшті. Қажет техникаларды алдырып, қорын жанартып, қауырт жұмыс істеп жатыр. Ірі шаһарларда кітап көрмелері өте бастады. Ең бастысы – авторлар мен баспалар маркетингтің қыр-сырын ұға бастады. Қазір жазушылар,

ақындар, ғалымдар өз кітаптарын әлеуметтік желі арқылы жарнамалауды, түрлі ақпараттық сайттар арқылы көрсетуді толық қолға ала бастады. Сонымен қатар, бізде кенжелеп қалған тенденциялардың бірі – электронды кітап мәселесі де жолға қойыла бастады. Мысалы, ҚР Ұлттық аударма бюросы мен ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы өзара келісім жасап, қазір Кітап палатасының баспасөз мұрағатындағы ескі кітаптарды, алғашқы жинақтарды цифрландыру ісі жүріп жатыр.

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына», – деген екен Әлішер Науаи. Адамшылық, білімділік, сананың ашықтығы – қазақтың көзі ашық азаматтары үздіксіз насихаттап келе жатқан мәселе. Осындай ұлы қасиеттерді игеру үшін немесе ояту үшін қажет құрал – кітап. Сананың сұранысына қарай әр азамат қалауындағы дүниені оқиды.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақыматтық», – дейді хакім Абай он сегізінші қара сөзінде. Данышпан тізген қасиеттің барлығы осы кітаптан табылмақ.

Кітап өндірісіндегі өзекті мәселелердің бірі – авторлық құқық мәселесі. Елімізде авторлық құқық Азаматтық Кодекспен қорғалатынын да айта кеткен жөн. Авторлық



құқықтың негізгі тетіктерінің бірі – мұрагерлік. Қазақстандағы авторлық құқыққа жауапты мекеме бұл мәселені де жолға қойған. Мұрагер азамат та өзінің ізбасары еңбегі арқылы пайда таба алады. Ал нақты мұрагері жоқ автордың еңбегі үшін түсетін қаражат 70 жыл бойы оның туыстарына, жақындарына беріліп, кейін халық мұрасына айналмақ. Қазақстанда авторлық құқықты бұзу – өзге елдердегідей қылмыс болып саналады, тәртіп бұзған адам жауапқа тартылады. Бір қуанарлығы – халық ішінде, авторлар арасында осындай қадамға баруға ниеті де болмаған адамдар қарасының көптігі. Бұл – әке қанымен дарып, ана сүтімен сіңген дегдар қасиет.

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында «Smart Qalamger» жобасы жұмыстары жүргізілуде. Осы жоба аясында ҚР Жазушылар одағының 800-ден астам мүшесіне жеке веб-сайт құрастыру қолға алынды. Қазір бұл бастама түгелге жуық орындалып, ақын-жазушылар тегін веб-сайтқа ие болды, сертификаттарын алды. Кітап палатасының «Асыл сөз» сұхбат бағдарламасына қонақ болған Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қабдеш

Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеұлы, Асанәлі Әшімов, Сәбит Досанов, Әнес Сарай, Мырзатай Жолдасбеков сынды әдеби тұлғаларға сайт сертификаты табысталды. Сондай-ақ, Bookfund.kz ақпараттық-анықтамалық порталы ашылып жатыр. Бұл бүкіл қазақстандық баспалар, авторлар, кітапханалар, кітап дүкендері үшін ортақ ынтымақтастық алаңы.

Қазір мемлекет тарапынан да, арнайы қауымдастықтар мен ұйымдар тарапынан да төл әдебиетіміздің бүгінгі дәуірін қалыптастыру үшін ірі жобалар жүзеге асырылуда. Жазушылар мен ақындар байқауларында қомақты жүлделер үлестіріліп жатыр. Мұның бәрі – әдебиет үшін, кітап үшін жасалған қамқорлық.

Білімнің де, тәжірибенің де, адамдық қасиеттің де бастауы – кітап. Көмбе қазынамызды зердеге тоқып, қазақ руханиятына үлес қосу, өз міндетінді, перзенттік борышынды шама-шарқыңша атқару – баршамыздың ұлт алдындағы міндетіміз.

Жазып алған Т.ДЕРБЫСАЛИН.

БІЛІМ

БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Алматы мектептері біліктіліктерін сынақтан өткізуде

Білім жүйесіне инновациялық бағдарларды, реформалар мен жаңа технологияларды, басқа да жаңашылдықтарды енгізудің маңызы зор.



Рая
ЕСКЕНДІР

Әрине, жаңаша бетбұрыстар мен өзгерістерсіз білімді еш дамытуға болмасы анық. Өйткені, білім саласында жыл санап емес, күн сайын жаңалықтар орын алып жатады. Сондықтан мемлекетіміз осынау жылдар ішінде үш мәрте білім мен ғылымды дамытуға арналған Заң мен 6 мемлекеттік бағдарлама қабылдап, 1800-ден аса мектеп пен 2 мыңнан аса мектепке дейінгі мекеме, еліміздегі 50 жоғары оқу орнының саны үш есеге арттырып, 20-дан астам зияткерлік мектептерді ашқан екен. Қашаннан жаңалық атаулы бастау алып, талбесік атанған Алматыда да осы жылдар ішінде білім жүйесі оң бағытта қалыптасып жатыр.

Мәселен, шаһарымызда 35 жаңа мектеп, 38 мектеп жанына жапсарласа салынған қосымша ғимарат, 62 жаңа балабақша салынды. Сонымен қатар, жаңа ғимараттардың іші жаңа жинақтармен, компьютерлер мен басқа да ақпараттық құрылғылармен жабдықталды. Өз кезегінде бұл да үлкен қаражатты талап етеді. Тек осы мақсат үшін

мемлекет пен жергілікті бюджет қазанынан орасан қаражат бөлініп, 38 636 оқушы орынмен қамтылды. Қазіргі уақытта Алматы қаласындағы ана тілінде білім беретін мектептер саны 66-ға жетіп, 110 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр.

Елімізде тәуелсіздік жылдары білім берудің жаңа моделі қалыптасып, орта білім жүйесі жеке мектептер, лицей, гимназия мен дарынды балаларға арналған мектептермен толықты. Осылайша барлық сынып жаңартылған білім мазмұнына көшсе, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытатын мектептердің озық іс-тәжірибесі еліміздің барлық білім жүйесіне таратылып келеді. Осы арада білім сапасын қалай бағалайды деген заңды сұрақтың тууы мүмкін. Ел тәуелсіздігінің тағы бір қол жеткізген табысы – білім сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесінің қалыптасуы. Яғни мектептерде ҰБТ, БОУД, лицензиялау, ішкі және сыртқы бағалау құралдары кеңінен қолданылып, білім сапасын нақты анықтауға көшті.

Сондай-ақ, Алматы мектептері PISA, TIMSS, PIRLS сынды халықаралық беделді зерттеулерге қатысып, өз



білімдерін сынақтан өткізуде. Осы арада қала мектептерінде жаратылыстану пәндерінің ағылшын тілінде оқытыла бастауы да өз нәтижесін бере бастады. Мектеп түлектерінің мемлекеттік сынақты ағылшын тілінде тапсыруына мүмкіндік туып отыр.

Білім жүйесінің жаңаша дамуына еліміздегі «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылданғаны да өз ықпалын тигізіп отыр. Заңда көрсетілген негізгі бөлімдер мен арнайы баптар білім саласы қызметкерлерінің құқығын, әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етіп, ұстаз деген абыройлы қызметтің беделін арттырып, оның еркін еңбек етуіне қызмет етіп отыр.



ФУТЗАЛ

ЧЕМПИОНДЫҚ
«ҚАЙРАТТА» ҚАЛДЫ

«Қайрат» фutsal клубы кезекті рет Қазақстан біріншілігін жеңіп алды. Футзалдан биылғы ойын маусымы басталмай тұрып-ақ «Қайрат» клубы фаворит саналған. Алматылық команда «атына заты сай» екенін дәлелдеп, чемпионат аяқталмай жатып алтын иеленді.

30-тур нәтижесі бойынша турнир кестесінде «Қайрат» 65 ұпай жинап, өзінен кейінгі «Аят» (Рудный) клубынан 8 ұпайға алда тұрған. Сырт алаңда «Атырауға» қарсы өтетін біріншіліктің 31-32 тур ойындарында жеңіске жетсе, олардың чемпион атануы мүмкін еді. Алматылық футболшылар бұл мүмкіндікті мүлтік жібермеді.

Қарсылас алаңында өткен алғашқы ойында «Қайрат» ойыншылары айқын басымдықпен жеңіске жетті, есеп – 4:1. Кездесудің 2-ші, 22-ші және 25-ші минуттарында атыраулықтарды қапы қалдырған Альберт Ақбалықов хет-трик авторы атанды. Есеп тақтасы 3:0 көрсеткенде қонақтар ереже бұзып, Атырау сапынан Нұрсұлтан Мәдиев пенальтиді сәтті орындады. Дегенмен, осы ойынның соңғы нүктесін алматылықтардың 4-ші голын соққан Шыңғыс Есеманов қойды.

Келесі күні өткен қарымта кездесу екі команда үшін де өте маңызды болды. Егер осы ойында жеңіске жетсе «Қайрат» мерзімінен бұрын біріншілікте жеңімпазы атанар еді. Ал атыраулық ойыншылар үшін турнир кестесінде 3-орынға түсіп қалу қаупі тұрды. Сондықтан екі ұжым да алғашқы минуттардан бастап қызу ойынға кірісті. Алайда, өт-

кен ойынның сценарий бұл ойында кішкене ғана өзгешелікпен қайталанды. Өздерінің қарқынды шабуылымен алматылықтар 3 доп алдыға шықты. Алаң иелері айып соққысынан кейін ғана есеп айырмасын қысқарта алды, ойын 3:1 есебімен аяқталды. Маңызды екі ойында алты ұпайға қол жеткізген соң, қалған төрт турда қостанайлықтардың «Қайратты» қуып жете алмайтыны белгілі болды.

Қазіргі сәтте ел біріншілігінің чемпиондары 28 ойын өткізіп, 22 рет жеңіске жеткен, 5 рет қарсыластарымен тең ойнаған және тек 1 рет жеңілген.

Чемпион белгілі болғанымен екінші-үшінші орындар үшін ойын тартысты болмақ. Екі ойында бір-бірден гол соққан «Атырау» екінші орындағы «Аяттан» үш ұпайға қалып тұр. Алайда, Рудный командасы ба-тыстық қарсыластарына қарағанда екі ойын кем өткізген. Сондай-ақ, 49 ұпаймен төртінші тұрған «Каспий» ойыншыларының бұл командалардан басып озатын мүмкіндігі бар. Ол үшін ақтаулықтар келесі ойында ескі де жаңа ел чемпиондары «Қайратты» жеңуі керек. Енді алдағы төрт турда екінші және үшінші орын иегерлері мен ширек финалдың жүптары белгілі болмақ.

КӨКПАР

КІЛ МЫҚТЫЛАР

Қазақстанда көкпар мен аударыспақтан ересектер арасындағы жиырма бірінші республикалық чемпионат басталды.

Доғаға еліміздің 17 өңірінен 300-ден астам спортшы қатысып жатыр. Жарыс 10 күнге созылады. Осы ойындардың нәтижесінде ұлттық құрама шабандоздарын іріктеу көзделіп отыр. Үздік шығып көзге түскендері қыркүйек айында өтетін халықаралық «Көшпенділер бәскесінде» ел намысын қорғайды.

«Бірінші ойында үштікте жүрген Атырау құрамасын 7:2 есебімен жеңдік. Алда Түркістан, Қызылорда облысы бар. Соларға қайта шығуға дайындаламыз. Бұл алда келе жатқан

жарыстарға керек тәжірибе алмасу», – деп алғашқы ойын күнінің әсерімен бөлісті «Әулиеата» командасының шабуылшысы Құрманбек Тұрғанбек.

«Елімізден 15 команда жиналды. Алтауы жоғары лига. Тоғызы бірінші лигадан. Ойын керемет өтіп жатыр. Жылда финалға шығып жүретіндер Әулиеата мен Түркістан облысы еді. Енді биыл сақадай сай боп келген командаларды көріп отырмыз», – деді ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының вице-президенті Мұхтар Имашев.



ҚҰЗҒА ӨРМЕЛЕУ

АЛМАТЫДА
ЕЛ БІРІНШІЛІГІ ӨТУДЕ

Шаһарымызда ерлер мен әйелдер арасында спорттық құзға өрмелеуден Қазақстан чемпионаты басталды.

Республикалық біріншілікке Қазақстанның 6 өңірінен 77 спортшы қатысуда.

Жарыстың бірінші күні «жылдамдық» санаты бойынша үздіктер анықталды. Ерлер арасында шапшаңдығымен қарсыластарының алдын орап, Әмір Баймұратов алтын қанжығалады. Екінші болып Матвей Есипов келсе, Валерий Сердюк құзға үшінші болып шықты.

Әйелдер арасында Тамара Жабаева бәрінен жылдам болды. Жүлделі екінші орынға Маргарита Ағумбаева жайғасты. Үздік үштікті Әсел Марленова түйіндеді.

«Боулдеринг – бұл аласа әрі күрделі құзға өрмелеу. Мұнда техникалық шеберлік пен дене шымырлығы маңызды. Ал қиындықпен өрмелеу – бұл күрделілігі жоғары биік шыңға шығу, сондықтан бұл санатта төзімділік маңызды. Жалпы, 12 облыста спорттың бұл түрі жоғары қарқынмен дамуда. Әсіресе, мектеп оқушыларының арасындағы қызығушылық жоғары», – деп атап өтті альпинизм мен тауға өрмелеуден Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушысы Сергей Беляков.

Айта кеткен жөн, спорттық құзға өрмелеуден Қазақстан чемпионаты 24 сәуірге дейін жалғасады. Енді спортшылар қиындықпен өрмелеу, боулдеринг және көпсайыс санаттары бойынша бақ сынаиды. Сондай-ақ, Қазақстан біріншілігінің жүлдегерлері Кореядағы әлем кубогы мен Азия чемпионатына жолдама алады.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ


БІРІНШІМІЗ!

Грек-рим күресінен Ұланбатырда өтіп жатқан Азия чемпионаты аяқталды. Әйелдер күресінде алматылық егіз ару алтын алды.



Моңғолияда белдескен 10 отандасымыздың тоғызы жеңіс тұғырына көтерілді. Серік Жұмашев бастаған Қазақстанның ұлттық құрамасы жарыс нәтижесі бойынша 2 алтын, 5 күміс және 2 қола медаль иеленіп, жалпыкомандалық есепте бірінші болды. Біздің құрама 180 ұпай жинады. Екінші орынға 151 ұпай алған Иран жайғасты. Ал Қырғызстаннан келген спортшылар 133 ұпаймен үздік үштікті толықтырды.

Айта кеткен жөн, әйелдер күресі бойынша Азия чемпионаты жалғасып жатыр. Әзірге құрама қоржынында 2 алтын, 1 қола жүлде бар. Алматылық егіз арулар Мәдина Бакбергенова (68 келіге дейінгі салмақта) және Жамила Бакбергенова (72 келіге дейінгі салмақта) Азия чемпионы атанды. Ал Гүлмарал Еркебаева қола жүлде иеленді.



КЕРЕК ДЕРЕК

Назарларыңызға көпшілік біле бермейтін спорт әлемінің қызық деректерін ұсынамыз.

1983 жылы Джек Берк пен Энди Боуэн арасындағы жекпе-жек әлемдегі ең ұзаққа созылған кездесу болып, рекорд орнатты. Екі боксшының қақтығысы 7 сағат 19 минутқа (110 раунд) созылған.

1823 жылы Англияның Регби қаласында колледж студенттер арасында футбол матчы өткен. Ойын барысында Уильямс Веб Эллис атты студент ойын ережесін бұзып, допты қолына ала қарсы команданың қақпасына қарай жүгірген. Осылайша әлемдегі ең танымал командалық ойындардың бірі – регби пайда болған.

Хоккей дегенде бірінші кезекте скандинавиялық елдер не Канада мен Ресей есімізге түседі. Бірақ хоккейдің өзгеше бір түрінде Азия елдері ешкімге дес бермейді екен. Ол – көгалдағы хоккей. 1928 жылдан бері Пәкістан мен Үндістанның хоккейшілері тоғыз Олимпиаданың барлығында алтын алған.

Көптеген спорт түрлерінде тек бір төреші қызмет етеді не бірнеше төреші

САН
ҚЫРЛЫ
ӘЛЕМ

болғанымен, олардың арасында біреуі бас төреші болады. Алайда, гандбол ойынында болсаңыз, тең дәрежелі екі бас төрешінің жүргеніне таңқалмаңыз. Екі төреші ойынды тең дәрежеде бағалап, егер өзара келіспеушілік болса, талқыға сап, бірге шешім шығарады.

Әдетте, Олимпиадалық кедергілер қойылған бәйге жарысында жылқылар 2 метрден жоғары кедергіден секірімейді. Бірақ 1949 жылы Уасо айғыры биіктігі 2 м 47 см тосқауылдан секіріп,

жаңа әлемдік рекорд орнатты. Тағы да бір ерекше рекордты 1975 жылы Сам-тинг атты айғыр көрсетті. Ол ені 8 м 40 см болатын шұңқырдан емін еркін секіріп өтті.

Волейболдағы ең ұзақ матч америкалық Кингстонда тіркелген. Ойын ұзақтығы 75,5 сағатқа созылды.

**Бетті дайындаған
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.**



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«ТОИМАРТ» супермаркетіне:

* кассирлер;
* сатушылар;
* қаптаушы;
* жүк тиеуші;
* тазалықшылар;
* тауарды қабылдау аймағына ішкі бақылау қызметінің инспекторы керек.

Тел.: 8 771 503 22 84.

Қазақстанның «Magnum Cash & Carry» ірі сауда-бөлшек сауда желісіне:

* сатушылар;
* кассирлер;
* жүк тиеушілер;
* наубайшылар;
* аспаздар;
* қаптаушылар;
* тазалықшылар керек.

Тел.: 8 747 466 09 76.

«МЕРЕУ-2030» ЖШС-ға:

* күзетшілер;
* инженер-жылу технигі;
* желдету жүйесінің маманы;

* аула сыпырушы;
* әртүрлі жұмыстарға жұмысшы керек.

Тел.: 8 701 760 01 84.

«Нәзік» ЖШС-ға:

* кондитерлер;
* наубайшылар;
* аспаздар;

* жүргізушілер;
* даяшылар қажет.

Тел.: 8 705 410 25 31.

«Барыс» ЖШС-ға:

* күзетшілер қажет.

Тел.: 8 707 660 04 51.

«Gippo» ЖШС-ға:

* қоғамдық тамақтану технологияі қажет.

Тел.: 8 778 796 65 96.

Алюминий профильдер зауытына:

* ТББ сапасы бойынша мамандар;
* қаптаушылар;
* әртүрлі жұмыстарға жұмысшы;

* штамптаушы керек.

Тел.: 8 775 836 94 52.

«АТОС СТРОЙ» ЖШС-ға:

* сатушылар;
* бухгалтер-кассир;
* сату менеджері керек.

Тел.: 8 707 412 33 44.

«КҮЗЕТ ОТАН ҚОРҒАУ» ЖШС-ға:

* күзетші керек.

Тел.: 8 700 304 19 79.

«ФИРМА «ЛЭУ» ЖШС-ға:

* көгалдандыру жөніндегі қызметкер қажет.

Тел.: 8 (727) 247-41-51.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

ең күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жастар жұмыссыздығы – бұл ең күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе. Жыл сайын оқу орындарын бітіріп жатқан жас мамандар бірден жұмыс тауып кетеді деу қиын. Сондықтан жұмыссыздық басқа топ өкілдеріне қарағанда жастарға қатты әсер етеді.

Тұрақты жұмыстың болмауы алкоголизм мен нашақорлықтың таралуына, қылмыс санының көбеюіне, бала туудың төмендеуіне, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы проблемалардың пайда болуына әсер етпей қоймайды. Осылайша жастардың әлеуметтік маргинализациясы туындайды. Иә, жастар – еліміздің болашағының ең перспективалық негізі. Сондықтан Алматы қаласы әкімдігінің жүргізіп отырған саясатының бір парасы әрдайым шаһар жастарына көмек қолын созудан тұрады.

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы жастарды жұмыспен қамту тұрғысында тұрақты түрде жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Осындай іс-шараларды тағы бір пысықтап, бірлескен жұмыс алгоритмін талқылау және алда атқарылар нақты міндеттерді айқындау үшін кеше Жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлованың бастамасымен кездесу өтті. Оған Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының өкілдері, аудандық үйлестірушілер, сондай-ақ аталған орталықтың өз мамандары қатысты.

– Жұмыс тәжірибесі жоқ жастар біздің орталық арқылы ақы төлемін практикадан өтіп, тұрақты жұмысқа орналаса алады. Сондай-ақ, жеке кәсібін ашуға да мүмкіндік мол. Алматыда бірнеше жыл бойы түрлі мемлекеттік бағдарламалар табысты жүзеге асырылып келеді. Соның арқасында жастар өздерінің алғашқы еңбек тәжірибесін ала алады. Ал кәсіпорындар өздері үшін жақсы мамандар табады, – деді Жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлова.

Қазіргі уақытта мегаполисте жастарды жұмысқа орналастыру үшін үш жоба, атап айтсақ, «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісім-шарты» іске асырылып жатыр. Сондай-ақ, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға көмек көрсетіледі, жастар бизнес-идеяларды іске асыру үшін 400 АЕК-ке дейін өтеусіз мемлекеттік гранттар ала алады.

Егер жұмыс іздеп жүрген жастар болса, ENBEK.KZ порталына кіріп, кейінде жүрген сауалдарына жауаптар таба алады, бәлкім жұмыс та тауып қалар. Кездесу қорытындысында осындай мәжілістерге басқа да ұйымдарды, жастар қозғалысын, жастарды дамыту орталықтарын іске қосу, Ынтымақтас-тық туралы меморандум жасау туралы шешім қабылданды.

Құрметті салық төлеушілер!



ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаментімен бірлескен акция

Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша МКБ Абылай хан 93/95

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, кәсіпкерлерге Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде қолдау және көмек көрсету бойынша ұйымдастырған «Qoldau» кезекті акциясына шақырады.

Акция апта сайын бейсенбі күндері кестеге сәйкес Алматы қаласы бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларында сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін өткізіледі. Барлық келем деушілерді 28.04.2022 жылы Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына шақырамыз. Мекенжайы Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 93/95.

Сіздің қатысуыңыз маңызды, ол бізге жақсы болуға көмектеседі! Салық бойынша толығырақ 1414 немесе @almaly.salyq.kz басқарма сайтында біле аласыз!

Арайлым АБДИРАИМОВА,

Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша МКБ бас маманы.

Алматы қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотына Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 155-үй, №53 пәтер мекенжайында тұратын Бекбенбетов Төлегеннен 1909 жылы туған Назигүл (Рысманбетова) Бимаханованы қайтыс болды деп тану туралы өтініш келіп түсті.

Назигүл (Рысманбетова) Бимаханованы және оның мекенжайын білетін тұлғалар болса, осы ақпарат жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде, Алматы қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотына, мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: индекс 050005, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267, сот А.Б.Доғалова.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



**Балалар
жылы
2022**

Ерекше көрме



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының «Аяла» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ерекше балалардың шығармашылық көрмесі өтеді.

Көрме барысында Сергей Сонның «Күлкі» қойылымы сахналанады. 27 жасында Сергей Сон омыртқасынан қатты жарақат алады. Бірақ соған қарамастан, балаларға арнап қуыршақтар жасап, қойылымдар қоюды жалғастырып келеді. Сондай-ақ, Марина Кимнің модельдеу бойынша шеберлік сыныптары өтеді. Бұл есту, сөйлеу қабілеті нашар балалардың дамуына септігін тигізеді.

Көрменің шығармашылық бұрыштарында келушілер «Аяла» орталығының балаларымен бірге қатыса алады, мұнда оларды бояуға арналған гипс мүсіндері, сондай-ақ мүсіндеуге және сурет салуға арналған түрлі материалдар күтіп тұрады. Концерттік бағдарламаға орталықтың балалары, сондай-ақ Алматы қаласының шығармашылық ұжымдары қатысады.

Көрме 29-30 сәуір күндері сағат 11.00-18.00-ге дейін өтеді.

Қаламыздағы Мемлекеттік Қуыршақ театры V халықаралық «Balausa» эксперименталды спектакльдер фестиваліне қатысады. Бұл биыл бесінші рет ұйымдастырылып отыр.



**Айым
НУРМАН**

Өз тарихының 87-ші жылына қадам басқан мөлдір мекен шығармашылық тынысын кеңейтуде түрлі театр фестивалдеріне қатысып, республикалық, халықаралық деңгейде қуыршақ өнерінің беделін арттырып келеді. Күллі қазақ театр өнеріне артылар жүкті тең көтеріп келе жатқан өнер ұжымы еліміздегі екі жылдық шектеулерге қарамастан бірнеше өнер фестиваліне қатысып, кәсіби деңгейін арттыруда жүйелі жұмыс жасап келеді. Биылғы жылы да қуыршақ өнерінің қара шаңырағы бірнеше театр фестиваліне шақырту алып отыр. Солардың бірі де бірегейі – Ақтөбе қаласында Т.Ахтанов атындағы драма театры ұйымдастырып отырған V Халықаралық «Balausa» эксперименталды спектакльдер фестивалі.

Фестиваль аясында еліміздегі 40-тан аса театр өтінімінің арасынан ең үздік спектакльдердің басын қосып, заманауи театр кеңістігіндегі жаңа тәжірибелерді сараптай-



ды. Аталмыш фестивалде шетелдік театр сарапшылары қазылық етіп, жаңашылдыққа ұмтылған өнер ұжымының талпыныстарын кәсіби талдаудан өткізеді. Өнер додасына Мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарындағы ересектерге арналған «Макбет. Иллюзия» (режиссері – Дина Жұмабаева) спектаклі шақырту алып отыр. 2021 жылдың ақпан айында жарық көрген әлем классикасы бүгінге дейін кәсіби театр сыншыларының жоғары бағасына ие болып, «Сыншылар жүлдесі-2021» нәтижесінде үздіктер қатарынан көрінген болатын. Спектакльде адамзатқа ортақ мәселені бір отбасының тағдыры-

мен суреттеген ағылшын драматургі Уильям Шекспирдің кейіпкерлері алғаш рет қуыршақ бейнесінде тіл қатады.

Спектакль режиссері Дина Жұмабаева пьеса желісіндегі шотландық корольдің тарихи оқиғасынан бұрын жаңадағы ер мен әйел трагедиясын бірінші орынға шығарып, шығармаға өзіндік интерпретация жасай білген. Сахна кеңістігін игерудің жаңа формасын жасауға деген режиссер талпынысы да сәтті шыққан. Кәсіби әрі көркем ойлардан тұратын спектакль өнер бәйгесінде лайықты орнын тауып, кәсіби бағасын алады деп сенеміз.

ЕРМЕКТЕМЕ

Табиғат – адамзаттың қайнар көзі

Ол өмірімізге қажетті рухани байлық, айналамызды қоршап тұрған ізгілікті әлем

			1			Т			
2						А			
		3				Б			
4						И			
					5	Ғ			
		6				А			
					7	Т			

1. Қазақ хандығының ту көтерген жері.
2. Қия шыңнан құлайды, тасты бұзып арыны.
3. Самарқанда астрономия саласында өшпес із қалдырған ғалым.
4. Күн жүйесінің ең бірінші ғаламшары.
5. Жерді қоршаған әлем.
6. Алғашқы глобусты құрастырған адам.
7. Әсем қала Алматының көркі.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Таңғажайыптар әлемі



Табиғатта көз көрмеген, құлақ естімеген түрлі таңғажайып бар. Бірін білсек, бірін біле бермейміз.



**Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

1. Табан-Қарағай үстіртін аспан астындағы пейіш деп жиі атайды. Алматы облысының тура орталығында орналасқанымен, ол туристер үшін толық зерттелмеген, әрі жету де оңай

емес жер болып келеді. Алайда, осында жете алған табанды фотосуретшілерге берер бұл мекеннің сыйы бар. Мұндағы пейзаждарда бүкіл Қазақстанның бар пейзажы тоғысқан.

2. Маңғыстау жерімен келе жатсаңыз, көптеген шақырымдарға ұласып жатқан тегіс жерден кейін бірден табиғат тылсымына куә боласыз. 250 жыл-

дан бері ғалымдар сырын аша алмай жатқан Торыш шар алқабы пайда болады. Осы тас шарлар немесе тас конкрециялар ерекше күш қуатын бойына жиған минералдық тау тастарын құрайды екен.

3. Қазақстанның Талдықорған облысында әлемді таңқалдырған кішкене ғана суат бар. Ол шілденің шығарған күнінде де құрғамайды, мұз боп тұрады. Ол су қоймасында балық ауланбайды, балдыр өспейді. Ол жер әлі күнге дейін толық зерттелмеді. Сүңгуірлер балонға барынша ауа толтырып алып түссе де, үш минуттан соң тұншыға бастайды.

4. Қазақстандағы тағы бір шетел ғалымдарын таңқалдырған жер – Семей облысында. Бұрынғы Семей полигоны болған жердің орнында айдаһардың бейнесі тәріздес дақ қалған. Ғалымдар қанша бас қатырса да, мұның құпиясын толық аша алмай келеді.

5. Мұзтау шыңы – Қазақ Алтайының ең жарқын бөлігі, өр Алтайдың ғана емес, бар Сібірдің ең биік нүктесі. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі саяхатшылар, ғалымдар, эзотериктер мен альпинистер осынау екібасты шыңға бағзы замандардан-ақ үлкен қызығушылықтарын танытып келеді. Мұзтау дұрыс емес пирамида пішініндегі Батыс (4435 м) және Шығыс (4506 м) шыңдардан құралған, екеуінің арасында биіктігі 4000 метрге төмендейтін «Мұзтау ертоқымы» енісі орналасқан.

КӨРМЕ



Халықаралық көрме

Алматыда «Туризм және саяхат» – «KITF» XX халықаралық көрмесі ұйымдастырылды.

Іс-шара Орталық Азиядағы B2B ірі салалық көрмесі болып табылады, оның көрсеткіштері жылдан-жылға артып келеді. Биыл көрмеге әлемнің 18 елінен 211 компания қатысты. Олар Әзербайжан, Беларусь, Германия, Грузия, БАӘ, Польша, Словения, Тайланд, Түркия, Оңтүстік Корея сынды мемлекеттер.

KITF көрмесіне қатысу жақын орналасқан елдердің туристік компаниялары және турагенттіктері үшін оңтайлы шешім. Қазақстанға визасыз қатынап, тілге байланысты кедергілер туындамайды. Көрме шеңберінде ауқымды іскерлік бағдарлама өтеді, салалық мәселелерді шешуге және кәсіби тәжірибе алмасуға көмектеседі.

«Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі және келген шетелдік туристер саны бойынша абсолюттік көшбасшы. Қала іскерлік, экологиялық, мәдени-этнографиялық, тау шаңғысы туризмін, сондай-ақ отбасылық демалысты дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Қазақстанға келген әрбір екінші шетелдік туристің Алматыға келетінін айта кету керек. Өткен жылы туристер саны 65%-ға өсіп, 1,2 млн туристке жетті, бұл республикалық көрсеткіштің бестен бір бөлігі – 5,4 млн адам. 2025 жылға қарай 2,3 млн турист тартуды жоспарлап отырмыз», – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Сабина Амангелді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында туризм саласында көрсетілген қызметтер көлемі 27,9 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 66%-ға артық. Туризм саласына инвестиция көлемі 46,3% өсіммен 100,7 млрд теңгені құрады.

Әзірлеген Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 484,54 теңге

\$ USD/KZT 444,04 теңге

₽ RUB/KZT 5,76 теңге

¥ CNY/KZT 68,89 теңге